



18/1-71 29.05.2026



БЕКІТЕМІН
«ОҚМА» АҚ ректоры
Ж.С.Сейтжанова
2026 ж.

**ПРОФЕССОРЛЫҚ-ОҚЫТУШЫЛЫҚ ҚҰРАМНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
ЖҮКТЕМЕСІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ**

Е 463-2026

Күні	Көшірме	Басылым
		Екінші

Шымкент

ONTÜSTİK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Оқу-әдістемелік орталық		Е 463-2026
Профессорлық-оқытушылық құрамның педагогикалық жүктемесі туралы ереже		№2 басылым 17 беттің 2- беті

1. «ОҚМА» АҚ Оқу - әдістемелік орталығы ӘЗІРЛЕП, ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗДІ.

2. «ОҚМА» АҚ Сапа бойынша Кеңестің шешімімен БЕКІТІЛДІ.

Тексеру мерзімділігі – 3 жыл

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Оқу-әдістемелік орталық		Е 463-2026
Профессорлық-оқытушылық құрамның педагогикалық жүктемесі туралы ереже		№2 басылым 17 беттің 3- беті

МАЗМҰНЫ

1	НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....	4
2	БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....	5
3	ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР.....	5
4	ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР.....	7
5	ПРОФЕССОРЛЫҚ-ОҚЫТУШЫЛЫҚ ҚҰРАМНЫҢ ЖҰМЫС УАҚЫТЫНЫҢ ҰЗАҚТЫҒЫ.....	8
6	КАФЕДРАЛАРДЫҢ ПРОФЕССОРЛЫҚ-ОҚЫТУШЫЛЫҚ ҚҰРАМЫ ОРЫНДАЙТЫН ОҚУ ЖҰМЫСТАРЫ ТҮРЛЕРІНІҢ УАҚЫТ НОРМАЛАРЫ.....	9
7	ОҚУ ЖҮКТЕМЕСІН ЖОСПАРЛАУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ОРЫНДАЛУЫН МОНИТОРИНГТЕУ ТӘРТІБІ.....	13
8	ЖАУАПКЕРШІЛІК.....	15
9	ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕ.....	16

QONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Оқу-әдістемелік орталық	Е 463-2026	
Профессорлық-оқытушылық құрамның педагогикалық жүктемесі туралы ереже		№2 басылым 17 беттің 4- беті

1 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы құжат келесі нормативтік құжаттардың талаптарын ескере отырып әзірленді:

-2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;

-2018 жылғы 30 қазандағы №595 «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығы;

-2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 «Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығы;

-2022 жылғы 4 шілдедегі №ҚР ДСМ-63 «Денсаулық сақтау саласындағы білім беру деңгейлері бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің бұйрығы;

-2023 жылғы 9 қаңтардағы №4 «Медициналық және фармацевтикалық мамандықтар бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің бұйрығы;

-2022 жылғы 20 шілдедегі №2 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің бұйрығы;

-2007 жылғы 29 қарашадағы №583 «Білім беру ұйымдарында оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығы.

- Академиялық адалдық кодексі К 121-2023;

- «ОҚМА» АҚ-да жасанды интеллект және цифрлық технологияларды қолдану ережесі Е 507-2026.

ISO 9000:2015 Сапа менеджменті жүйелері. Негізгі ережелер мен сөздік.

ISO 9001:2016 Сапа менеджменті жүйелері. Талаптар.

СТ 002-2024 Ішкі нормативтік құжаттарды басқару.

СТ 004-2024 Қызметтік құжаттарды басқару.

СТ 007-2024 Жазбаларды басқару.

СТ 009-2024 Жақсартуларды жоспарлау.

СТ 010-2024 Басшылық тарапынан талдау.

СТ 020-2024 Ішкі тексерулер.

СТ 021-2024 Сәйкессіздіктерді басқару, түзету әрекеттері.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Оқу-әдістемелік орталық		Е 463-2026
Профессорлық-оқытушылық құрамның педагогикалық жүктемесі туралы ереже		№2 басылым 17 беттің 5- беті

СТ 023-2024 «ОҚМА» АҚ білім беру қызметінің сапасын ішкі қамтамасыз ету стандарттары.

П 272-2025 «ОҚМА» АҚ құжатталған ақпаратты рәсімдеу қағидалары.

2 БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

АҚ – акционерлік қоғам

ҚР МЖМБС – Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты

ҚА – қорытынды аттестаттау

ҚАК – қорытынды аттестаттау комиссиясы

ОЖЖЖ – оқытушының жеке жұмыс жоспары

ҚР ҒЖБМ – Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі

ҚР ДСМ – Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі

ҒЗЖ – ғылыми-зерттеу жұмысы

ББ – білім беру бағдарламасы

ПОҚ – профессорлық-оқытушылық құрам

ОЖЖ – оқу жұмыс жоспары

СМЖ – сапа менеджменті жүйесі

БӨЖ – білім алушының өзіндік жұмысы

МӨЖ – магистранттың өзіндік жұмысы

РӨЖ – резиденттің өзіндік жұмысы

ДӨЖ – докторанттың өзіндік жұмысы

ОБӨЖ – оқытушының жетекшілігімен орындалатын білім алушының өзіндік жұмысы

СМЖ – сапа менеджменті жүйесі

ПОӘК – пәннің оқу-әдістемелік кешені

ОӘО – оқу-әдістемелік орталық

ОҚМА – Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы

3 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Академиялық кредит – білім алушының және (немесе) оқытушының ғылыми және (немесе) оқу жұмысының (жүктемесінің) көлемін өлшеудің біріздендірілген бірлігі.

Академиялық сағат – оқу сабақтарының немесе оқу жұмысының басқа түрлерінің көлемін өлшеу бірлігі. Академиялық сағат 50 минутқа тең. Ол академиялық күнтізбені (оқу процесінің кестесін), оқу сабақтарының кестесін

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Оқу-әдістемелік орталық		Е 463-2026
Профессорлық-оқытушылық құрамның педагогикалық жүктемесі туралы ереже		№2 басылым 17 беттің 6- беті

жасау кезінде, өтілген оқу материалын жоспарлау мен есепке алуда, сондай-ақ педагогикалық жүктемені жоспарлау және оқытушының жұмысын есепке алу кезінде қолданылады.

Дипломдық жұмыс – білім алушының білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес өзекті мәселені өз бетінше зерттеу нәтижелерін жинақтауды білдіретін бітіру жұмысы.

Дипломдық жоба – білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес қолданбалы міндеттерді өз бетінше шешуді қамтитын, жобалық тәсілдерді қолдану арқылы және (немесе) бизнес-жобаларды, модельдерді, шығармашылық сипаттағы жобаларды және басқа да жобаларды дайындау түрінде орындалатын білім алушының бітіру жұмысы.

Оқытушының жеке жұмыс жоспары – оқу жылы ішінде оқытушының барлық жұмыс түрлерін (оқу, оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу, тәрбие және қоғамдық жұмыстарын) көрсететін негізгі құжат.

Білім алушыларды қорытынды аттестаттау – жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес білім беру бағдарламасында көзделген оқу пәндері және (немесе) модульдер мен оқу қызметінің басқа да түрлері көлемін меңгеру дәрежесін анықтау мақсатында жүргізілетін рәсім.

Байланыс сағаттары (контакт сағаттары) – оқытушының білім алушылармен тікелей жұмыс істеу уақыты (дәрістер, практикалық сабақтар, семинарлар және т.б.).

Практикалық сабақ – білім алушылардың кейінгі пәндерді (модульдерді) меңгеруі және кәсіби міндеттерді шешуі үшін қажетті практикалық дағдыларды қалыптастыруға бағытталған оқу процесін ұйымдастыру нысаны.

Білім алушыларды аралық аттестаттау – пәнді оқып болғаннан кейін білім алушылардың бір оқу пәнінің бір бөлігі немесе толық көлемі бойынша білімді меңгеру сапасын бағалау мақсатында жүргізілетін рәсім.

Білім алушының өзіндік жұмысы – білім алушының өзіндік жұмысы (бұдан әрі – БӨЖ) – оқу-әдістемелік әдебиеттермен және ұсыныстармен қамтамасыз етілген, өз бетінше меңгеруге бөлінген тақырыптар тізбесі бойынша орындалатын жұмыс. Білім алушылардың санатына байланысты ол:

- білім алушының өзіндік жұмысы (БӨЖ),
- магистранттың өзіндік жұмысы (МӨЖ),
- резиденттің өзіндік жұмысы (РӨЖ),
- докторанттың өзіндік жұмысы (ДӨЖ) болып бөлінеді.

БӨЖ-дің барлық көлемі білім алушыдан күнделікті өзіндік жұмысты талап ететін тапсырмалармен расталады.

QONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Оқу-әдістемелік орталық		Е 463-2026
Профессорлық-оқытушылық құрамның педагогикалық жүктемесі туралы ереже		№2 басылым 17 беттің 7- беті

Оқытушының жетекшілігімен орындалатын білім алушының өзіндік жұмысы – оқытушының жетекшілігімен орындалатын білім алушының өзіндік жұмысы (бұдан әрі – **БӨЖО**) – жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы немесе оқытушы белгілейтін жеке кесте бойынша өткізілетін білім алушының оқытушы жетекшілігімен орындайтын жұмысы. Білім алушылардың санатына байланысты ол:

- оқытушы жетекшілігімен орындалатын білім алушының өзіндік жұмысы (ОБӨЖ),
- оқытушы жетекшілігімен орындалатын магистранттың өзіндік жұмысы (ОМӨЖ),
- тәлімгер жетекшілігімен орындалатын резиденттің өзіндік жұмысы (ТРӨЖ),
- оқытушы жетекшілігімен орындалатын докторанттың өзіндік жұмысы (ОДӨЖ) болып бөлінеді.

Оқу жүктемесі – профессорлық-оқытушылық құрамның академиялық сағаттармен жоспарланатын және орындалатын оқу сабақтарының көлемі.

Оқу аптасы – дүйсенбі күнінен басталатын бес (алты) күндік уақыт аралығы.

Оқытудың кредиттік технологиясы – әр пән және оқу жұмысының басқа түрлері бойынша білім алушылар мен оқытушылардың еңбек сыйымдылығын бағалау үшін академиялық кредиттер жүйесін енгізуді қамтиды.

Академиялық адалдық — бұл білім беру, білім алу мен ғылыми жұмыс барысында шынайылық, әділдік және жауапкершілік қағидаларын сақтай отырып, сыбайлас жемқорлықты алдын алуды, болдырмауды қамтамасыз етеді.

Академиялық адалдық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы қағидаттары:

- адалдық – пара алмау, жалған ақпарат бермеу;
- әділдік – барлыққа тең мүмкіндік беру, таныстықпен артықшылық жасамау;
- жауапкершілік – өз әрекетіне есеп беру, заң мен ережені сақтау;
- сенім – қоғамда және оқу орнында сенімді орта қалыптастыру;
- құрмет – басқалардың құқығы мен еңбегін бұзбау;
- ашықтық – шешімдер мен бағалаудың айқын болуы.

Жасанды интеллект – адамның интеллектуалдық қызметінің нәтижелерімен салыстырылатын немесе олардан асып түсетін нәтижелерді қамтамасыз ететін, адамға тән когнитивті функцияларды имитациялай алатын функционалдық қабілет.

ОҢТҮСТІК-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Оқу-әдістемелік орталық		Е 463-2026
Профессорлық-оқытушылық құрамның педагогикалық жүктемесі туралы ереже		№2 басылым 17 беттің 8- беті

Жасанды интеллект жүйесін пайдаланушы – нақты функцияны және (немесе) міндетті орындау үшін жасанды интеллект жүйесін пайдаланатын адам.

Жасанды интеллект жүйесі қызметінің нәтижесі – ұсынылу нысанына қарамастан, ақпарат, шешім немесе жасанды интеллект жүйесі өндіретін жұмыстарды және (немесе) көрсетілетін қызметтерді қоса алғандағы әрекеттер.

4 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

4.1 Осы профессорлық-оқытушылық құрамның педагогикалық жүктемесі туралы ереже (бұдан әрі – Ереже) – «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ (бұдан әрі – АҚ «ОҚМА») сапа менеджменті жүйесінің (бұдан әрі – СМЖ) ішкі нормативтік құжаты болып табылады.

4.2 Құжат педагогикалық жүктемені жоспарлау, бөлу және есепке алу тәртібін біріздендіру мақсатында әзірленген. Ереже ПОҚ-тың негізгі қызмет бағыттары бойынша уақыт нормаларын реттейді, соның ішінде:

- оқу, оқу-әдістемелік және ұйымдастырушылық-әдістемелік жұмыс;
- ғылыми-зерттеу қызметі;
- тәрбие және қоғамдық жұмыс;
- клиникалық жұмыс (клиникалық кафедралардың ПОҚ үшін);

осы қызметтердің пропорциясы: 40% : 30% : 15% : 15%.

4.3 Осы Ереженің талаптары кафедралардың педагогикалық жүктемесін және ПОҚ-тың жеке жоспарларын жоспарлау, есептеу, бекіту және мониторинг жүргізу процестеріне қатысатын АҚ «ОҚМА» барлық құрылымдық бөлімшелері мен лауазымды тұлғалары үшін міндетті болып табылады.

4.4 Осы Ереже таралымы шектеулі құжат болып табылады. Құжатты үшінші тарап ұйымдарға беру рұқсат етілмейді, келесі жағдайларды қоспағанда:

- СМЖ аудитін жүргізетін сертификаттау органдарының өкілдеріне;
- тұтынушы-серіктестерге (мотивтелген сұраныс бойынша);
- тек «ОҚМА» АҚ Ректорының ресми рұқсатымен басқа тұлғаларға.

4.5 «ОҚМА» АҚ-ның кез келген қызметкері (оның лауазымына, құзыреттілігіне қарамастан) білім алушылармен әріптестері арасында, академиялық адалдық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруға және сол қағидаттарды қатаң ұстануға міндетті.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Оқу-әдістемелік орталық		Е 463-2026
Профессорлық-оқытушылық құрамның педагогикалық жүктемесі туралы ереже		№2 басылым 17 беттің 9- беті

4.6 Қызметкер жасанды интеллект технологиялары мен цифрлық шешімдерді қолдануға қатысты ішкі нормативтік құжаттардың талаптарын, соның ішінде оларды қауіпсіз, этикалық және жауапты пайдалану қағидаттарын сақтауға міндетті.

5 ПРОФЕССОРЛЫҚ-ОҚЫТУШЫЛЫҚ ҚҰРАМНЫҢ ЖҰМЫС УАҚЫТЫНЫҢ ҰЗАҚТЫҒЫ

5.1 «ОҚМА» АҚ профессорлық-оқытушылық құрамы үшін аптасына 36 сағаттан аспайтын қысқартылған жұмыс уақыты белгіленеді (Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі және білім саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкес).

5.2 Толық жүктемемен жұмыс істейтін оқытушының жылдық жұмыс уақыты 44 жұмыс аптасына есептеледі (жыл сайынғы ақылы еңбек демалысын – 56 күн – шегергеннен кейін):

44 апта × 36 сағат = жылына 1584 сағат.

5.3 Жартылай жүктемемен (0,75; 0,5; 0,25) жұмыс істеген жағдайда жұмыс уақыты мен жүктеме көлемі пропорционалды түрде есептеледі.

5.4 ПОҚ жұмысының құрылымы Академияның барлық қызмет бағыттарын қамтиды. Жылына 1584 сағат ішінде оқытушы міндетті түрде келесі жұмыстарды орындауы қажет:

- Оқу жұмысы: *аудиториялық сабақтарды (дәрістер, семинарлар, тәжірибелік және зертханалық сабақтар) жүргізу және білім алушыларды аттестаттау;*
- Оқу-әдістемелік жұмыс: *силлабустар, пәннің оқу-әдістемелік кешені (ПОӘК), оқу құралдарын әзірлеу, емтихан материалдарын дайындау және жаңа оқыту технологияларын енгізу;*
- Ғылыми-зерттеу жұмысы (ҒЗЖ): *рейтингтік журналдарға мақалалар жазу, конференцияларға қатысу, ғылыми жобаларды басқару және студенттік ғылыми үйірмелермен жұмыс;*
- Клиникалық жұмыс (клиникалық кафедра қызметкерлері үшін): *клиникалық базаларда емдеу-диагностикалық жұмыс жүргізу, пациенттерге консультациялар беру, консилиумдарға қатысу – болашақ медициналық кадрларды даярлаудың маңызды бөлігі;*
- Тәрбие және қоғамдық жұмыс: *кураторлық, оқудан тыс іс-шараларды ұйымдастыру, Академияның комиссиялары мен кеңестерінде жұмыс;*
- Ұйымдастырушылық-әдістемелік жұмыс: *кафедра меңгерушісінің тапсырмаларын орындау, құжат жүргізу, кәсіби біліктілікті арттыру.*

ОҢТҮСТІК-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Оқу-әдістемелік орталық		Е 463-2026
Профессорлық-оқытушылық құрамның педагогикалық жүктемесі туралы ереже		№2 басылым 17 беттің 10- беті

5.5 5.4 тармақта көрсетілген барлық жұмыстардың орындалуы оқытушының жеке жұмыс жоспарында тіркеледі, ол жұмыс уақытын есепке алудың негізгі құжаты болып табылады.

6 КАФЕДРАЛАРДАҒЫ ПОҚ ОҚУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ УАҚЫТ НОРМАЛАРЫ

6.1 Оқу уақытын есепке алу:

ПОҚ оқу жұмысының уақыты 50 минуттық академиялық сағатпен (контакт сағаттары) өлшенеді.

Академиялық сағат – бұл оқытушының білім алушымен аудиториялық сабақтар кестесі немесе бекітілген басқа жұмыстар кестесі (ОБӨЖ, клиникалық практика және т.б.) бойынша тікелей жұмыс уақытының бірлігі.

Оқу жұмыс көлемін жоспарлауда келесі қатынас қолданылады: 1 кредит = 30 академиялық сағат.

6.2 Пәннің құрылымы:

Аудиториялық жұмыс көлемі пәннің жалпы сағат көлемінің кемінде 30% болуы керек.

Аудиториялық емес жұмыс (70%) білім алушының өзіндік жұмысы (БӨЖ) мен оқытушы жетекшілігімен орындалатын өзіндік жұмыс (ОБӨЖ) арасында 85%: 15% қатынасында бөлінеді.

Бұл қатынастағы кез келген өзгерістер «ОҚМА» АҚ Ғылыми Кеңес отырысында міндетті түрде бекітілуі тиіс.

6.3 Ағымдар мен топтарды қалыптастыру тәртібі:

- Дәріс сағаттары білім беру бағдарламалары (ББ) мен оқу тілдеріне сәйкес дәріс ағымына жоспарланады. Пән мазмұны бірдей болған жағдайда әртүрлі ББ білім алушыларын бір ағымға біріктіруге рұқсат етіледі.

- Тәжірибелік, семинарлық, зертханалық және симуляциялық сабақ сағаттары академиялық топқа (немесе белгіленген жағдайларда жартытопқа) есептеледі.

- Білім алушының оқытушы жетекшілігімен өзіндік жұмысы пәнге ОЖЖ және ОБӨЖ кестесі бойынша бөлінген сағат көлемінде жоспарланады.

- Аралық бақылауды қабылдау, практика есептерін қабылдау, аралық және қорытынды аттестаттау сағаттарын есептеу уақыт нормаларына сәйкес жүргізіледі.

- Медицина колледжінде практикалық, симуляциялық және клиникалық сабақтар 15 адамнан аспайтын қосымша топтар бойынша жоспарланады.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Оқу-әдістемелік орталық		Е 463-2026
Профессорлық-оқытушылық құрамның педагогикалық жүктемесі туралы ереже		№2 басылым 17 беттің 11- беті

6.4 Біліктілік талаптары:

- Дәрістер оқуға докторлық және (немесе) философия докторы (PhD) дәрежесі бар, сондай-ақ бейіндік доктор дәрежесі, ғылыми атағы бар (доцент, профессор) оқытушылар ғана рұқсат етіледі. Сондай-ақ магистр дәрежесі бар немесе үш жылдан кем емес оқытушылық еңбек өтілі бар аға оқытушылар, немесе бейін бойынша кемінде бес жылдық практикалық жұмыс тәжірибесі бар аға оқытушылар дәріс оқиды.

- Дәрістер оқуға және (немесе) басқа оқу сабақтарын өткізуге ғылыми қызметкерлер, мәдениет, өнер, спорт саласының еңбек сіңірген қайраткерлері, шығармашылық одақ мүшелері немесе тәжірибелі мамандар тартылуы мүмкін.

- Курстық және дипломдық жұмыстарға кеңестер беру, жетекшілік ету және қорғауды профессорлар, доценттер және аға оқытушылар жүргізеді.

6.5 Клиникалық оқыту және практика:

- Клиникалық оқытудағы тәлімгерлік (менторство) 1 тәлімгер /3 білім алушы қатынасы бойынша есептеледі.

- Оқу, өндірістік және дипломалды практиканы басқару уақыт нормаларына сәйкес есептеледі.

- Дене шынықтыру сабақтары БӨЖ сағаттарын қамтымайды.

Төменде ПОҚ орташа педагогикалық жүктемесін және оқу жұмысын есептеу үшін оқу жұмыстарының шамамен уақыт нормалары берілген. Бұл уақыт нормалары жыл сайын Ғылыми Кеңесте қаралып бекітіліп, қажет болған жағдайда өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.

1-кесте

«ОҚМА» АҚ бойынша оқу жұмыстарының уақыт нормалары

№	Оқу жұмысының түрі	Уақыт нормалары (академиялық сағат бойынша)	Ескерту
1	Бакалавриат		
1.1	Аудиториялық сабақтар (дәріс, тәжірибелік (семинар), зертханалық сабақтар, дене тәрбиесі сабақтары)	ОЖЖ сағаттық кестесі бойынша нақты орындалған сағаттар	Дәрістер – ағымға; Аудиториялық сабақтар (тәжірибелік/зертханалық сабақтар) – топқа немесе кіші топқа жоспарланады.
1.2	ОБӨЖ өткізу	ОЖЖ бойынша	ОБӨЖ 1топқа немесе 2

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Оқу-әдістемелік орталық		Е 463-2026
Профессорлық-оқытушылық құрамның педагогикалық жүктемесі туралы ереже		№2 басылым 17 беттің 12- беті

		жалпы сағаттар	топқа, немесе 1ағымға жоспарланады
1.3	Аралық аттестаттау (емтихан)	1 білім алушыға 0,35 сағат	Емтиханға дайындық және оны қабылдау
1.4	Дене тәрбиесі	240 сағат	Дене тәрбиесі сабақтарына БӨЖ сағаттары берілмейді.
1.5	Кәсіптік практика (басшылық)	1 білім алушыға аптасына 1 сағат	Апталар бойынша есептеу. Бір оқытушыға аптасына 3 топтан артық емес.
№	Оқу жұмысының түрі	Уақыт нормасы (академиялық сағатпен)	Ескертпе
1.6	Сараланған сынақ	1 білім алушыға 0,25 сағат	Практика бойынша қорытынды бақылау, дене тәрбиесі/ шынықтыру пәні бойынша қорытынды бақылау
1.7	Қорытынды аттестаттау	1 білім алушыға 0,5 сағат	Профессор-оқытушылар құрамының педагогикалық жүктемесін есептеу: 1 білім алушыға 0,5 академиялық сағат
1.8	Аралық аттестаттау	1 білім алушыға 0,35 сағат	Профессор-оқытушылар құрамының педагогикалық жүктемесін есептеу: 1 білім алушыға 0,35 академиялық сағат
1.9	ҚАК төрағасы	Нақты орындалу бойынша (күніне 6 сағаттан аспауы тиіс)	Сағаттық төлем
1.10	Дипломдық жұмысқа жетекшілік	1 жұмысқа 24 сағат	Профессор-оқытушылар құрамының жүктемесі – 1 жетекшіге 8 білім алушыдан артық емес
1.11	Дипломдық жұмысқа сын пікір беру	Бір дипломдық жұмысқа (жобаға) 3 ак-қ сағат	Сыртқы немесе ішкі сын пікір берушіге

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Оқу-әдістемелік орталық		Е 463-2026
Профессорлық-оқытушылық құрамның педагогикалық жүктемесі туралы ереже		№2 басылым 17 беттің 13- беті

2	Резидентура		
2.1	ТРӨЖ өткізу	ОЖЖ сағаттар кестесі бойынша нақты орындау бойынша	Аудиторлық емес жұмыстың көлемі – РӨЖ көлемінің 50%-ы.
2.2	Аудиториялық сабақ	ОЖЖ сағаттар кестесі бойынша нақты орындау бойынша	Аудиторлық жұмыстың көлемі – әр пәннің жалпы көлемінің 20%-ы.
3	Магистратура		
3.1	Магистрлік диссертацияға басшылық	1 білім алушыға 36 сағат	Жылдық жетекшілік нормасы
3.2	Магистрлік диссертацияға сын пікір (оппонент)	1 жұмысқа 5 сағат	Сағаттық төлем
4	Докторантура		
4.1	Докторлық диссертацияға басшылық	1 білім алушыға 45 сағат	Жылдық жетекшілік нормасы
4.2	Магистрлік диссертацияға сын пікір (оппонент)	1 жұмысқа 6 сағат	Сағаттық төлем
5	Медициналық колледж		
5.1	Тәжірибелік/симуляциялық сабақтар	ОЖЖ бойынша нақты орындалу	Жартытопқа (15 адамнан артық емес)
5.2	Клиникалық практика (менторлық)	Аптасына 1 білім алушыға 1 сағат	Апталар бойынша есептеу. 1 білім алушыға практикалық апта саны негізінде.

7 ОҚУ ЖҮКТЕМЕСІН ЖОСПАРЛАУ ЖӘНЕ ОРЫНДАЛУЫН МОНИТОРИНГТЕУ ЖАСАУ ТӘРТІБІ

7.1 Педагогикалық жүктемені жоспарлау кезеңдері:

7.1.1 Алдын ала жоспарлау: Келесі оқу жылы үшін педагогикалық жүктемені алдын ала жоспарлау көктемгі семестрде/екінші жартыжылдықта (сәуір–мамыр) жүргізіледі. Бұл жоспарлау бекітілген оқу жоспарлары

ОҢТҮСТІК-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Оқу-әдістемелік орталық		Е 463-2026
Профессорлық-оқытушылық құрамның педагогикалық жүктемесі туралы ереже		№2 басылым 17 беттің 14- беті

(ОЖЖ), болжамды білім алушылар контингенті және штаттық кестесі негізінде жүзеге асырылады.

7.1.2 Жүктемені бөлу: Кафедра меңгерушісі жұмыс көлемін қызметкерлер арасында, олардың біліктілігіне, атқаратын лауазымына (профессор, доцент, аға оқытушы, оқытушы) және кафедра ерекшелігіне (теориялық немесе клиникалық) сүйене отырып бөледі.

Штаттық кестені қалыптастыру негізі – кафедраның оқу жұмыс жоспары (ОЖЖ) бойынша пәндер сағаттарын есептеу, білім алушылар контингентін, топтар мен ағымдардың санын, сондай-ақ оқу жұмысының уақыт нормаларын ескеру арқылы жүргізіледі (Ү463-001-2026 Пәндер бойынша сағаттарды есептеу).

Академиялық ағымдар мен топтың толықтығы деканат және құрылымдық бөлімшелер арқылы анықталып, Ғылыми Кеңес отырысында бекітіледі.

Оқытушылардың жылдық педагогикалық жүктемесі Академия бойынша ПОҚ орташа жылдық педагогикалық жүктемесіне негізделіп есептеледі. Бұл есеп бекітілген ПОҚ штаты және жалпы оқу жұмысының жылдық көлеміне байланысты жүргізіледі.

ПОҚ лауазымдары мен білім деңгейлері бойынша орташа педагогикалық жүктеме жыл сайын Ғылыми Кеңесте бекітіледі.

Кафедралардың ПОҚ және оқу-қолдау персоналының жалпы есептік саны жоспарлау-экономикалық бөліммен келісіледі, ал лауазымдар бойынша бөлінуі кафедралар және кадр бөлімімен келіседі.

Жаңа бірінші курс білім алушылары үшін штаттық кесте жаңа оқу жылының 1-қыркүйегіне дейін қалыптасады. Жыл бойы штаттық кестеге өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін (Ү463-002-2026 Штаттық кесте).

Кафедра ПОҚ-тың басқа түрдегі жұмыстарын көрсетілген бағдарламалар мен Академияның сапа саласындағы мақсаттарына, кафедра жоспарына сәйкес кафедра меңгерушісімен келісу арқылы өздігінен жоспарлайды.

7.1.3 Бекіту: ПОҚ орташа жылдық оқу жүктемесі және Академия кафедралары бойынша педагогикалық жүктемені бөлу (штаттық кесте) құзырлы проректорлармен келісіліп, оқу жылы басталмас бұрын Ғылыми Кеңестің отырысында бекітіледі.

7.1.4 Жоспарлау және орындалу туралы мәліметтер ПОҚ оқу жүктемесі мен басқа жұмыстардың жоспары мен орындалуы кафедра жоспарлары мен есептерінде тиісті түрде тіркеледі (Ү463-003-2026 ПОҚ оқу жүктемесі).

7.2 ПОҚ-ның жеке жұмыс жоспары

ОҢТҮСТІК-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Оқу-әдістемелік орталық		Е 463-2026
Профессорлық-оқытушылық құрамның педагогикалық жүктемесі туралы ереже		№2 басылым 17 беттің 15- беті

7.2.1 Оқытушының оқу жылына жоспарланған және нақты орындалған жүктемесін тіркейтін негізгі құжат – Оқытушының жеке жұмыс жоспары.

Жеке жоспарға ПОҚ барлық жоспарланған жұмыс түрлері енгізіледі: оқу, оқу-әдістемелік жұмыс, ғылыми-зерттеу қызметі, біліктілікті арттыру және басқа да жұмыстар (У463-004-2026 Оқытушының жеке жұмыс жоспары).

7.2.2 Жеке жоспар екі нұсқада дайындалады: біреуі Оқу-әдістемелік орталықта (ОӨО) сақталады, екіншісі – кафедрада.

Оқытушылардың жеке жоспарлары кафедра отырысының шешімімен қаралып, оқу жылының 10-қыркүйегіне дейін бекітіледі. Кафедра меңгерушісінің жеке жоспары – академиялық жұмыс жөніндегі проректорының бекітуімен жүзеге асады.

7.2.3 Бекітілген жоспарға өзгерістер енгізу білім алушылар контингенті, оқу бағдарламалары немесе кадрлық құрам өзгерген жағдайда (босату, ауру) кафедра шешімі негізінде жүзеге асырылады.

7.3 Жүктемені орындауды мониторингтеу және есепке алу

7.3.1 Ағымдағы бақылау: Кафедра меңгерушісі ай сайын жүзеге асырады. Оқытушы міндетті түрде сабақтарды тіркейтін электронды журналдарды және басқа жұмыстар бойынша есептік құжаттарды уақытылы толтыруы қажет.

7.3.2 Семестрлік бақылау:

Әр семестр соңында оқытушы жеке жоспардың орындалуы туралы есеп кафедра отырысында ұсынады. Нәтижелер хаттамаға тіркеледі.

ОӨО оқу жүктемесінің орындалуын жылына 2 рет мониторингтейді:

- Күзгі семестр қорытындысы бойынша (1 наурызға дейін),
- Көктемгі семестр қорытындысы және жылдық қорытынды бойынша (1 шілдеге дейін)
- оқытушының жеке жоспарына сәйкес.

7.3.3 Жылдық мониторинг:

Оқу жылы аяқталған соң ОӨО оқу жүктемесінің нақты орындалуын жоспарланған көрсеткіштермен салыстырады.

7.4 Кейбір жұмыс түрлерін есепке алудың ерекшеліктері:

- Оқу-әдістемелік жұмыс: оқу-әдістемелік әдебиеттерді шығару, әдістемелік нұсқаулар жасау, электрондық курстар құру және т.б. материалдар сараптамасынан өтіп, Әдістемелік кеңесте бекітілгеннен немесе Академия оқу процесіне енгізілгеннен кейін орындалған деп есептеледі.
- Ғылыми-зерттеу жұмысы: жарияланымдық белсенділік индекстелетін дерекқорларда (Scopus, Web of Science, КОКСНВО), авторлық куәліктер немесе ҒЗЖ есептері арқылы расталады.

ОҢТҮСТІК-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Оқу-әдістемелік орталық		Е 463-2026
Профессорлық-оқытушылық құрамның педагогикалық жүктемесі туралы ереже		№2 басылым 17 беттің 16- беті

- Клиникалық жұмыс: дежурлық кестелер, консультациялық парақтар, ауру тарихындағы жазбалар (медициналық карталар) және т.б. негізінде есепке алынады.
- Тәрбие жұмысы: кураторлық (кураторлық сағаттарды өткізу, қатысуды және үлгерімді бақылау, жатақханаларды аралау), Академиядағы мәдени-көпшілік, спорттық және патриоттық іс-шараларды ұйымдастыру және қатысу және т.б.
- Ұйымдастырушылық-қоғамдық жұмыс: сарапшылық қызмет – ИАК құрамында жұмыс істеу, Ғылыми кеңестер жұмысына, конкурс және апелляциялық комиссияларға қатысу, кәсіби бағдар беру және т.б.

7.5. Осы Ереже келесі нысандарды енгізеді:

1. Y 463-001-2026 Пәндер бойынша сағаттарды есептеу (А Қосымшасы).
2. Y 463-002-2026 Штат кестесі (Б Қосымшасы).
3. Y 463-003-2026 ПОҚ оқу жүктемесі (В Қосымшасы).
4. Y 463-004-2026 Оқытушының жеке жұмыс жоспары (Г Қосымшасы).

8 ЖАУАПКЕРШІЛІК

8.1 Осы Ереженің талаптарының сақталуына жалпы басшылық пен үйлестіруді академиялық мәселелер жөніндегі проректор жүзеге асырады.

8.2 Осы Ереженің талаптарын өзектендіру, Қазақстан Республикасының нормативтік актілеріне сәйкес өзгерістерді уақтылы енгізу және олардың білім беру үдерісіне енгізілуін бақылау жауапкершілігі ОӘО басшысына жүктеледі.

8.3 «ОҚМА» АҚ-да педагогикалық жүктемені жоспарлау үдерістерін ұйымдастыру, есептеулер жүргізу, оның орындалуын мониторингтеу және профессор-оқытушылар құрамының штаттық кестесін уақтылы қалыптастыру жауапкершілігі ОӘО басшысына жүктеледі.

8.4 Кафедра меңгерушісі қызметкерлердің біліктілігі мен лауазымдарын ескере отырып, жүктемені объективті әрі тең бөлгені үшін дербес жауапкершілік алады; профессор-оқытушылар құрамының барлық жұмыс түрлерінің нақты орындалуына ай сайын бақылау жүргізеді; жүктеменің орындалуы туралы есептерді уақтылы ұсынуды қамтамасыз етеді.

8.5 Профессор-оқытушылар құрамы жеке жоспарына бекітілген оқу жүктемесінің көлемін және басқа да жұмыс түрлерін толық әрі сапалы орындағаны үшін дербес жауапкершілік алады; еңбек тәртібі мен оқу үдерісінің кестесін сақтауға (сабақтардың үзілуіне жол бермеу, кеңестер мен емтихандарды уақтылы өткізу және т.б.) міндетті.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Оқу-әдістемелік орталық		Е 463-2026
Профессорлық-оқытушылық құрамның педагогикалық жүктемесі туралы ереже		№2 басылым 17 беттің 17- беті

8.6 Қызметкер жасанды интеллект құралдарын қолдану кезінде алынған нәтижелердің дұрыстығын тексеруді, құпиялылық пен деректерді қорғау талаптарын, академиялық адалдық қағидаттарын сақтауды қамтамасыз етеді, сондай-ақ аталған технологияларды қолдана отырып дайындалған түпкілікті шешімдер мен материалдар үшін жеке жауапкершілікте болады.

8.7 Жасанды интеллект технологиялары мен цифрлық шешімдерді қолдану тәртібін сақтамау академиялық адалдық қағидаттарына қайшы келетін іс-әрекет ретінде қарастырылады.

9 ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕ

9.1 Осы Ереже «ОҚМА» АҚ Ректоры бекіткен сәттен бастап (немесе Сапа жөніндегі кеңестің шешімі бойынша) күшіне енеді және оның күші жойылғанға немесе жаңа Ереже қабылданғанға дейін қолданылады.

9.2 Осы Ережеге енгізілетін барлық өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі мен Денсаулық сақтау министрлігінің нормативтік актілеріне сәйкес енгізіледі, қызметтің нақты бағыттарына жауапты АО «ЮКМА» басшылығымен келісіледі және АО «ЮКМА» Ректоры бекітеді.

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Оқу-әдістемелік орталық		Е 463-2026
Профессорлық-оқытушылық құрамның педагогикалық жүктемесі туралы ереже		№2 басылым 17 беттің 18- беті

Әзірлеген:

Қызметі	Аты-жөні
Оқу-әдістемелік орталық басшысы	Б.З.Долтаева

Тексерген:

Қызметі	Аты-жөні
Сапаны қамтамасыз ету және мониторинг бөлімінің меңгерушісі	Н.Ә. Ержанов
Әкімшілік және құқықтық қамтамасыз ету басқармасының басшысы	О.А. Кабиштаев

Келісілген:

Қызметі	Аты-жөні
Академиялық жұмыстар жөніндегі проректор	М.У. Анартаева
Комплаенс офицер	Н.А.Пернебаев

Лист согласования и подписания

ФИО	Тип действия	Время и дата согласования или подписания	Замечания	Данные по ЭЦП
Долтаева Бибигуль Зайдуллаевна	Разработано	19.05.2026, 16:13:40	Без замечаний	
Ержанов Нурлан Амирович	Проверено	28.05.2026, 17:37:58	Без замечаний	
Кабиштаев Орынбасар Абдукаримович	Проверено	20.05.2026, 09:58:17	Без замечаний	
Анартаева Мария Уласбековна	Согласовано	20.05.2026, 08:56:31	Без замечаний	
Пернебаев Нургали Алиханович	Согласовано	20.05.2026, 09:39:20	Без замечаний	
Сейтжанова Жанна Серикжановна	Подписано	29.05.2026, 13:14:58	Без замечаний	Издатель ЭЦП - ҰЛТТЫҚ КУӘЛАНДЫРУШЫ ОРТАЛЫҚ (GOST) 2022, СЕЙТЖАНОВА ЖАННА, "Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы" акционерлік қоғамы, BIN991040003556
Сейтжанова Жанна Серикжановна	Зарегистрировано	29.05.2026, 13:15:01	Без замечаний	Издатель ЭЦП - ҰЛТТЫҚ КУӘЛАНДЫРУШЫ ОРТАЛЫҚ (GOST) 2022, СЕЙТЖАНОВА ЖАННА, "Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы" акционерлік қоғамы, BIN991040003556

